

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институт

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

**Сарсенбай Айбын Айдынұлы**

Жер учаскесін рәсімдеу кезіндегі геодезиялық жұмыстар

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Мамандығы 5В090300-Жерге орналастыру

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

Доктор РНД  
ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ  
НАО «КазНУТУ им. К.И. Сатпаева»  
Горно-металлургический  
институт им. О.А. Байқоңурова  
Б.В. Имансакипова  
“ 14 ” 05 2019 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: “Жер учаскесін рәсімдеу кезіндегі геодезиялық жұмыстар”

Мамандығы 5В090300-Жерге орналастыру

Орындаған: Сарсенбай А.А.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к, ассос.  
профессор

 Солтабаева С.Т.

“ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Ө.А.Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасы

Мамандығы 5В090300-Жерге орналастыру

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

Доктор PhD

Б.Б.Имансакипова



“ 14 ” 05 2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Сарсенбай Айбын Айдынулы

Тақырыбы: *Жер учаскесін рәсімдеу кезіндегі геодезиялық жұмыстар*

Университет Ректорының 2018 жылғы "08" қазан №1113-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 20\_\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: *Жер учаскесі, жер учаскесінің құжыттары*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

- a) Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылдық округі, Тұздыбастау ауылы, жер учаскесінің шекараларына түсіріс жүргізу
- б) Мемлекеттен жер алу тәртібі
- в) Жер-кадастрлық жоспарын құру

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

*Жер учаскесінің шекарасын анықтау*

*Далалық жұмыстар*

*Далалық жұмыстарға сараптама*

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. Жер учаскесіне уақытша жер пайдалану құқығын беретін жоспарлар жазылатын Кітап №1517
2. Қазақстан Республикасының Жер кодексі (2003 ж. 20 маусым №442-II)
3. Нұрпейісова Т.Б., Солтабаева С.Т. Жергілікті жердің сандық топографиялық карталарын құру. Оқу құралы.– Алматы:ҚазҰТУ, 2009. 188 б.
4. Бектанов Б.К. Жер кадастрлық геодезиялық жұмыстар: Оқулық – Алматы: Нұр-Принт, 2015. - 167 б.
5. Нұрпейісова М.Б., Рысбеков Қ.Б. Геодезиялық аспаптар: Оқу құралы. – Алматы: ҚазҰТУ, 2010.– 244 б.




Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

**КЕСТЕСІ**

| Бөлімдер атауы,<br>қарастырылатын мәселелер<br>тізімі | Ғылыми жетекші мен<br>кеңесшілерге көрсету<br>мерзімдері | Ескерту |
|---|--|---------|
| Жер учаскесіндегі геодезиялық жұмыстар                |  |         |
| Мәліметтерді өңдеу және сараптау                      |  |         |
| Норма бақылау   |  |         |

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған

**қолтаңбалары**

| Бөлімдер атауы                         | Кеңесшілер,<br>аты, әкесінің аты, тегі<br>(ғылыми дәрежесі,<br>атағы) | Қол<br>қойылған<br>күні | Қолы  |
|--|---|-------------------------|---|
| Жер учаскесіндегі геодезиялық жұмыстар | Т.Ғ.К., ассос. профессор<br>Солтабаева С.Т.                           | 14.05.19                |  |
| Мәліметтерді өңдеу және сараптау       | Т.Ғ.К., ассос. профессор<br>Солтабаева С.Т.                           | 14.05.19                |  |
| Норма бақылау                          | Т.Ғ.М., ассистент<br>Нукарбекова Ж.М.                                 | 13.05.19                |  |

Ғылыми жетекші



Солтабаева С.Т.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Сарсенбай А.А.

Күні

" 16 " 05 2019 ж.

## АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты жер учаскесін қалай алу мен мемлекеттік тіркеуді ашып көрсету болып табылады. Біз баяндайтын нысан: Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылдық округі, Тұздыбастау ауылы, "Шығыс-2 шағын ауданы", Д. Қонаев көшесі, № 13 жер учаскесі

Жұмыстың мақсаты: жер учаскесін рәсімдеу кезіндегі геодезиялық жұмыстарды рет-ретімен орындап және оның түрлері мен жер учаскесін мемлекеттен алу тәртібін ашып көрсету. Мемлекеттен жер учаскесін алудың екі тәсілі бар: жалпы белгіленген тәртіпте ақылы немесе тегін және жеке тұрғын үй құрылысы үшін.

Геодезиялық жұмыстарды жүргізу барысында GPS қабылдағышы орнатылған LEICA CS10 3.5G өріс контроллерімен жер учаскесінің шекарасы анықталды. Анықталған мәліметтермен Жер кадастрлық жоспары “Азаматтарға арналған үкімет” мемлекеттік корпорация коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы облысы бойынша филиалы – Жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Талғар аудандық бөлімінде жасалды.

## АННОТАЦИЯ

Главная цель дипломной работы является как брать участок земли и раскрыть государственную регистрацию. Мы рассмотрим участок №13 который находится по местоположению Алматинская область, Талгарский район, сельский округ Туздыбастау, село Туздыбастау, микрорайон "Восток-2", улица Д.Конаева.

Цель работы: последовательно выполни геодезических работ во время оформления участка земли и раскрытие вида и порядка приобретения участка земли у государства. Есть два путя проиобретения участка земли у государства: в соответствии с установленным порядком платно или бесплатно и для индивидуального жилищного строительства.

При проведении геодезических работ определены границы земельного участка с контроллером LEICA CS10 3.5 G, на котором установлен приемник GPS. С выявленными данными земельно-кадастровый план изготовлен в Талгарским районным отделом "земельного кадастра и недвижимости" – филиала некоммерческого акционерного общества Государственная корпорация "Правительство для граждан" по Алматинской области.

## ANNOTATION

The main objective of the thesis is how to take the land and open the state registration. We will consider the site which is located in Almaty region, Talgar district, Tuzdybastau rural district, Tuzdybastau village, microdistrict "East-2", street D.Konayev.

Target of the work: consistently carry out geodetic works during issue plot of the land and to reveal kinds of it and acquisition procedure plot of the land from the state. There are two ways of getting plot of the land from the state: in accordance with the established procedure paid or free and for individual housing construction.

When carrying out geodetic works, the boundaries of the land plot with the controller LEICA CS10 3.5 G, on which the GPS receiver is installed, are determined. With the revealed data, the land cadastral plan was made in Talgar district Department of "land cadastre and real estate" – a branch of the non-profit joint-stock company State Corporation "Government for citizens" in Almaty region.

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| КІРІСПЕ   | 9  |
| 1 Геодезиялық жұмыстардың басты мақсаты                   | 11 |
| 1.1 Жерге орналастыру кезіндегі геодезиялық жұмыстар      | 11 |
| 1.2 Жер учаскесін өлшеудегі геодезиялық жұмыстар, межелеу | 12 |
| 1.3 Жер учаскесінің шекарасын нақты шығару                | 14 |
| 2 Жерді рәсімдеу кезіндегі заңнамалар                     | 17 |
| 2.1 Объектінің әкімшілік-аумақтық орналасуы               | 17 |
| 2.2 Тараптардың құрықтары мен міндеттері                  | 20 |
| 3 Кадастрлық жұмыстар негізіндегі геодезиялық шаралар     | 23 |
| 3.1 Жер учаскесінің жер – кадастрлық жоспары              | 23 |
| 3.2 GPS қабылдағышы LEICA CS10 3.5G                       | 25 |
| 3.3 MapInfo Professional                                  | 34 |
| 3.4 MapInfo бағдарламасының жұмыс барысы                  | 34 |
| ҚОРЫТЫНДЫ   | 37 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ                           | 38 |



## КІРІСПЕ

Жер учаскесін рәсімдеудің екі түрі бар. Олар мемлекеттен және басқа бір жер учаскесінің иесінен ақылы немесе ақысыз негізде жер учаскесін алуға болады. Жер учаскесін басқа адамнан сатып алғанда жер иесінің міндетті құжаттарына назар аудару қажет.

Біз жер учаскесін мемлекеттен алу тәртібін қарастырамыз. Мемлекеттен жер учаскесін алудың екі тәсілі бар: жалпы белгіленген тәртіпте ақылы немесе тегін және жеке тұрғын үй құрылысы үшін. Жеке тұлғаға келесі мөлшерлермен жер учаскесі беріледі:

- ауылды жерлерде жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге – 0,25 гектар суармалы емес және 0,15 гектар суармалы жерге;

- жеке меншік тұрғын-үй құрылысына – 0,10 гектар;

- бау-бақша шаруашылығына және саяжай құрылысына – 0,12 гектар.

*Мемлекет жерді қандай мақсаттарға жеке меншікке бере алады?*

- шаруа және фермерлік шаруашылықты жүргізу үшін;

- жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу үшін;

- ағаш егу шаруашылығы үшін;

- бақша шаруашылығы үшін;

- жеке тұрғын үй және саяжай құрылысы үшін;

- құрылысқа немесе өндірістік және өндірістік емес, соның ішінде тұрғын ғимараттар (құрылыстар, құрылымдар) және олардың кешендері, соның ішінде мақсатына сәйкес ғимараттарға қызмет көрсетуге арналған жер.

*Мемлекеттен жеке тұрғын үй құрылысына тегін жер учаскесін алу*

Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне құқық беру ережелеріне [1] сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелері ҚР азаматтарына жеке меншікке 0,10 гектар мөлшерінде тегін ұсынылады. Көпшілік сатуда (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылатын жер учаскелерінің тізбесіне енгізілген учаскелер берілмейді.

Басқаша айтқанда, ҚР әр азаматы және оралмандар үй құрылысы үшін жердің заңнамалық бекітілген 10 сотығына құқылы. Бұнда үміткердің жылжымайтын мүлкінің бар жоқтығы мүлде маңызды емес (пәтер, үй, гараж, жер учаскесі). Жер учаскесін игергеннен кейін ғана, яғни тұрғын үйді пайдалануға енгізу туралы актіге қол қойғаннан кейін ғана сіз жер учаскесінің иесі болатыныңызды ескеру керек (Қағидалардың 1-б., 4-т. сәйкес).

Жер учаскесін жеке меншікке алудың бірінші қадамы әкімдікке жеке басты куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және көшірмесімен бару болады.

Жер учаскесін қайдан алғыңыз келетініне байланысты тиісті әкімдікке жүгіну қажет. Егер учаске:

- республикалық маңызы бар қала және астана шегінде болса –

республикалық маңызы бар қала және астана әкімдігі;

- облыстық маңызы бар қала шекараларының шегінде – облыстық маңызы бар қала әкімдігі;

- аудандық маңызы бар қала шекарасының шегінде – аудандық маңызы бар қала әкімі;

- кент шекарасының шегінде – кент әкімі;

- ауыл (село) шекаралары шегінде – ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі.

Өтініште мақсаты (жеке тұрғын үй құрылысы үшін), оның шамамен орналасуы, басқа жер учаскесінің болуы (болмауы)(жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін, жеке тұрғын үй құрылысы үшін, бақша шаруашылығы және саяжай құрылысы) көрсетіледі. Өтінішке жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса беріледі. Өзге жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер сұралатынына қарамастан, бұл соңғы шешімге әсер етпейді. Егер мемлекет бұрын үй құрылысына жер ұсынбаса.

Әр азамат жылжымайтын мүліктің болуына немесе болмауына байланысты жеке тұрғын үй құрылысына 0,10 га жерге құқылы.

Өтініш-сұраныс хат 60 күнтізбелік күн ішінде қаралады. Егер жауап оң болса, онда 7 жұмыс күні ішінде жер комиссиясының шешімінен кейін сізді жер учаскесін алуға кезекке қояды. Сізге ақпараттық ресурсты көрсетумен хабарлама береді (сайт), онда жер учаскелерін алуға кезек нөмірін қадағалауға болады.

Алу кезегі орын алған бетте, әкімдікке жүгіну және бөлінген жер учаскесін уақытша ақысыз қолдану (жалға алу) құқығын рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды ұсыну қажет. Қағидалардың 20-бабы бойынша жерді уақытша ақылы пайдалану (жалға алу) шарты қабылдаған күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде жер учаскесіне құқықты ұсыну туралы шешім негізінде жасалады.

# 1 ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ

## 1.1 Жерге орналастыру кезіндегі геодезиялық жұмыстар

Жерге орналастыру – бұл жер ресурстарын есепке алу және бағалау үшін жер қатынастарын реттеуге бағытталған мемлекеттік маңызы бар іс-шаралар жүйесі. Жер учаскелерін басқаруда жүргізілетін барлық жұмыстар тікелей геодезиямен байланысты. Жоспар құру және жер аумағын анықтау үшін жерге орналастыру кезінде геодезиялық жұмыстар жүргізілуі қажет.

Жерге орналастыру кезіндегі геодезиялық жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар, межелеу кезіндегі геодезиялық жұмыстар одан да жауапты міндет, геодезия және жерге орналастыру өзара тығыз байланысты.

Жер учаскесіне меншік құқығын қайта ресімдеуге қатысты немесе оның шынайы иесінің анықталуы бойынша барлық процедуралардың жалпы атауы – жерге орналастыру жұмыстары болады. Оларды орындау нәтижесінде жер иесіне құжаттармен бірге осы учаскеге барлық құқықтар беріледі. Сондай-ақ, жерге орналастыру процесі учаскенің координаттарын, оның шекарасын, ауданын дәл анықтау үшін жүргізіледі.

Жерге орналастыру көп жағдайда қажетті құжаттарды алумен, оларды құрастырумен және ретке келтірумен айналысады. Жерге орналастыру келесі мәселелерді атқарады:

- учаскені өз меншігіне алуға болатын жобаны жасау. Бұл тармақ жер учаскесін жекешелендіруге байланысты. Осы рәсімді орындағаннан кейін жер жеке тұлғаның заңды иелігіне айналады;
- бір жер учаскесін бірнешеге бөлу;
- учаскенің мақсатын ауыстыру (егер сіз, мысалы, учаскедегі тұрғын үй-жайларды өндірістік бөлікке айналдыруды шешкен жағдайда қажет);
- бірнеше аралас учаскелерді екі немесе бірнеше аз учаскеге бөлу үшін құжаттарды ресімдеу;
- жер учаскелерін түгендеуді орындау – белгіленген аумақта жердің болуы расталады, сондай-ақ учаскенің шекарасы өзгерген немесе мұнда орналасқан объектілер қайта салынған жағдайларда жүргізіледі.

Жерге орналастырумен және межелеумен геодезиялық жұмыстар да тығыз байланысты. Олар өлшеулерді, есептеулерді орындауға, сызбаларды құрастыруға бағытталған. Барлық осы рәсімдер жер учаскесінің орналасқан жерін, сондай-ақ онда орналасқан барлық жылжымайтын мүлік объектілерін дәл белгілеуге көмектеседі. Геодезиялық бөліксіз жерге орналастыру жұмыстары толық емес, ал кейбір жағдайларда жарамсыз деп саналады. Мұндай зерттеулер кешеніне көптеген рәсімдер мен әрекеттер кіреді.



1-сурет. Жерге орналастыру кезіндегі геодезиялық жұмыстарды жүргізу процестері

Жер учаскесін кадастрлық түсіру. Бұл қызмет кадастрлық нөмірді алу және кадастрлық картаны жасау үшін кадастрлық жүйеде тіркеуден өту үшін қажет. Түсірілім қажетті учаскенің ғана емес, оған іргелес жатқан учаскенің дәл шекараларын анықтауды көздейді. Сондай-ақ учаскенің координаттары анықталады.

Топографиялық түсіру. Түсірудің терең түрі. Мұнда барлық бұрыштарды, қашықтықтарды бекіту орындалады. Нәтижесінде алынған деректер осы учаскенің жоспарлары мен карталарының негізіне жатады. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда тек жердегі түсірілім ғана емес, сонымен қатар барлық коммуникациялық жүйелерді бекіту де орындалуы мүмкін.

Учаскенің шекарасын шығару. Бұл қызмет арнайы межелік белгілердің көмегімен шекаралардың нақты бекітілуін болжайды. Егер учаскеде құрылыс жүргізілсе, бұрғылау жұмыстары орындалса, сондай-ақ, егер учаске сатып алынса немесе көршілес учаскелердің иелерімен шекаралас аумақтардан тыс дау болса, мұндай жұмысты орындау қажет.

## 1.2 Жер учаскесін өлшеудегі геодезиялық жұмыстар, межелеу

Жер учаскесіне геодезиялық түсіріс жүргізу – бұл жергілікті жердегі учаскелерге ол талап етілетін өлшеулерді жүргізу және оларды топографиялық жоспарға сәйкес келтіру болып табылады. Жер учаскесінің нысаналы мақсатына сәйкес, учаске туралы нақты ақпарат алу үшін геодезиялық жұмыстар – (бірінші кезекте межелеу) әр түрлі санаттағы жерлер үшін, сондай-ақ-құрылыс және сәулет жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылады. Жер учаскелерін межелеу кезінде геодезиялық жұмыстарды жүргізілгеннен кейін жер учаскесінің нақты орналасқан жерін анықтауға болады.

Жер учаскесіне геодезиялық түсіріс – бұл әртүрлі сәулет-құрылыс және кадастрлық жұмыстардың негізі. Спутниктік түсірілімнің ең жоғары дәлдігі.

Жер учаскесіне геодезиялық жұмыс құрамы:

- мемлекеттік АКТ жасау
- жер кадастрлық жоспарын жасау
- кадастрлық есепке қою
- жаңа шекаралар салу
- жердің ландшафтық ерекшеліктерін зерттеу
- межелеу нәтижесінде анықталатын жер учаскесінің нақты шекараларын анықтау
- бұрылыс нүктелерін анықтау
- учаскелерді біріктіру немесе бөлу
- құрылыс нысандарын түсіру

Геодезиялық жұмыстарға әдетте 3 - 4 апта кетеді, алайда барлығы жер телімі ауданына, жыл уақытына, ауа-райы жағдайына және т.б. байланысты.



2-сурет. Геодезиялық түсірістердің орындалу ерекшеліктері

1. Топографиялық түсіру. Маман жер учаскені тексеру жүргізеді. Топырақ сынамасын алып, жер асты суларының болуын анықтайды және топографиялық өлшеулер жүргізеді;

2. Геодезиялық жұмыстар. Зерттеу жүргізілетін аумақта электрмен жабдықтауды, жылу трассаларын, телефон және интернет кәбілдерін және басқа да қосалқы жер асты және жер үсті коммуникациялардың орналасуын қадағалау. Жер бетінің биіктіктері мен еңістіктерін және ауытқуларын анықтау;

3. Анықталған жер асты коммуникацияларын тиісті коммуналдық қызметтермен келісу арқылы жұмыстар жасау;

4. Инженерлік-геологиялық іс-шаралар. Мұнда жерді жергілікті жерде де, зертханалық жағдайда да егжей-тегжейлі зерттеу жүргізіледі. Есептің негізінде зерттелетін учаскеде топырақтың құрамына қатысты жазбаша қорытынды ұсынылады.

5. Межелік жоспарды рәсімдеу. Жоспар құру учаскеде межелік белгілерді нақты енгізуді көздейді, бұл оның шекарасын факт бойынша жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдарда рәсімдеу және тіркеу

Геодезиялық жұмыстарды орындауға қойылатын талаптарға сәйкес зерттеу нәтижелері құжат түрінде рәсімделуі тиіс. Олар міндетті түрде түсірілімді өткізу орны бойынша сәулет бюросында тіркелуі тиіс.

Геодезиялық ұйымның жұмыс реті:

- шарт жасасу;
- жергілікті жерде жұмысты орындау үшін геодезистер бригадасының шығуы;

- арнайы жабдықты пайдалана отырып түсіруді орындау;
- учаскенің топографиялық картасын сызу;
- алынған нәтижелерді жазбаша түрде рәсімдеу;
- төлем және нәтижелерді тапсырыс берушіге беру;
- геодезиялық түсіруді келісім бойынша жұмыстар жасау.

Жер учаскесіндегі жергілікті жерде жүргізілетін барлық геодезиялық жұмыстардың маңызы зор, өйткені биіктіктің ауытқуына, жер асты коммуникацияларының төселуінің болуы мен тереңдігіне, топырақ құрамы мен оның беріктігіне қатысты нақты ақпарат береді.

Геодезиялық түсіріс жер учаскесін өлшеу мен жаңа ғимараттарды салу кезінде ғана емес, көпірлерді, автомобиль жолдарын салу, коммуникацияларды салу және басқа да жұмыстар кезінде де қажет.

### **1.3 Жер учаскесінің шекарасын нақты шығару**

Учаскенің шекарасын алып тастау, бұрын бекітілген межелік белгілер қандай да бір жағдайларда жоғалған кезде жүргізілуі керек. Шекараларды жер учаскесінің нақты орнына шығару қызметі учаскеде бұрылыс нүктелері мен бұрыштарын анықтау және бекіту арқылы жүзеге асырылады, олардың әрқайсысында он таңбадан тұратын өз нөмірі бар. Жер учаскесіндегі геодезиялық жұмыстар – жер пайдалану объектісінің шекарасын анықтауға және белгілеуге бағытталған қызметтердің тұтас кешенін білдіреді. Жерге орналастыру жұмыстарына осы шекараларды межелік белгілермен бекітуге бағытталған жұмыстар да жатады. Жергілікті жердегі Мемлекеттік

координаттары бар бұрылыс нүктелерін дәл анықтау жер учаскесінің шекарасын шығару болып табылады.

Мұндай геодезиялық жұмыстарды келесі жұмыстармен жүзеге асыру:

- қолданыстағы жер учаскелері құрылады не ретке келтіріледі;
- жергілікті жердегі жер учаскелерінің шекаралары бойынша нақты қоршауды қалпына келтіру қажет;
- жер учаскелерінің орналасқан жері туралы ақпарат жоқ, қолда тек мемлекеттік акт бар.

Учаскенің шекараларды нақты шығару техникалық тапсырмада көрсетілген барлық талаптарды немесе тапсырыс берушімен ауызша уағдаластықтарды ескере отырып жүзеге асырылады. Дәлдікке қойылатын талаптар ауданның әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша анықталады. Техникалық тапсырманың негізі аумақтық жерге орналастыру жобасы немесе мемлекеттік жер кадастрының материалдарында жерге орналастыру объектісі туралы ақпарат болып табылады. Мұндай құжаттама зерттелетін жердің кадастрлық жоспарының нысанын білдіретін үзінді көшірмелер түрінде беріледі.

Зерттелетін учаскеге нақты шығаруды жүзеге асыру үшін одан әрі қоршау немесе қандай да бір басқа қоршау Орнатылатын аумақты тексеру және қазықтарды бекіту үшін сертификатталған инженер-геодезист немесе инженер-жерге орналастырушы шығады. Бұл учаскені жобалау не дайын жобаны іске асыру мүмкіндігін көзбен анықтауға мүмкіндік береді.

Жергілікті жердің шекараларын анықтау үшін келесі құжаттар міндетті түрде болу қажет:

- жер учаскесінің кадастрлық нөмірі;
- зерттелетін учаскенің ауданы;
- бұрылыс болып табылатын нүктелердің саны;
- белгілеу объектісінің мекенжайы;
- меншік құқығын растайтын мемлекеттік актінің көшірмесі;
- егер тараптардың бірі даулы болса, онда көршілердің қатысуы.

Жер телімдерін межелеудің келесі міндетті – кезеңі жергілікті жерде жерге орналастыру нысандарының шекараларын анықтау, оларды келісу және межелік белгімен бекіту. Жер телімдерін межелеу кезінде олардың шекараларының бұрылыс нүктелері жергілікті жерде межелік белгілермен бекітулері тиіс және центрлерінің координаты міндетті түрде жергілікті жердегі қабылданған жазықтықтық тік бұрыштық жүйеде анықталуы керек. Жер телімдерінің межелік түсірулерін жергілікті жерде қолданылатын кәдімгі топографиялық түсірістегідей дәстүрлі геодезиялық тәсілдермен орындайды.

Жер учаскелерін межелеу кезіндегі геодезиялық жұмыстардың өздері құжаттар мен аспаптардың көмегімен учаскенің шекарасы мен ауданын анықтау жөніндегі іс – қимылдар кешенін қамтиды-спутниктерден деректер, сондай-ақ тахеометрлер, ілгіштер, штативтер, рулеткалар пайдаланылады.



3-сурет. Жер учаскесін межелеу процестері



## 2 ЖЕРДІ РӘСІМДЕУ КЕЗІНДЕГІ ЗАҢНАМАЛАР

### 2.1 Объектінің әкімшілік-аумақтық орналасуы

Жеке тұлға өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін немесе тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алуға өтініш жасайды. Ол өтінішті жер учаскесін алғысы келетін елді-мекен әкімдігіне жазады.

Қазақстан Республикасының «Жер кодексінің» 19 бап 1 тармағы, 35,37 бап 2 тармағы, 43 бап, 50 бап 2 тармағының 1 тармақшасы, 51,81 бап 3 тармақ 1 тармақшасы, 92, 102 бабының 1, 2 тармақтарына, Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу және онымен мәміле жасау туралы» Заңының 9 бап 1 тармағына, ҚР «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптарын басшылыққа ала отырып және Талғар ауданының Жер комиссиясы отырысының 20.07.2017 жылғы № 27 қорытындысы негізінде өкім етіледі.



4-сурет. Талғар ауданының негізгі ауылдық округтары

Талғар ауданы 58 елді-мекенге, 11 ауылдық округке және 1 қалалық әкімдігіне біріктірілген. Орталығы – Талғар қаласы Аудан Іле Алатауының

солтүстік баурайында орналасқан.

Жеке тұлға өзіндік қосалқы шаруашылығын жүргізу үшін немесе тұрғын үй салу үшін Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылдық округі, Тұздыбастау ауылы, "Шығыс-2 шағын ауданы", Д. Қонаев көшесі, № 13 қоныс мекен-жайында орналасқан, көлемі 0,0640 га жер телімі, 2 (екі) жыл мерзімге уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану (жалға алу) құқығы беріледі.

Аталған жер телімі бөлінбейді, пайдаланудағы шектеулер ауыртпалықтар иеліктен шығару құқығынсыз, техникалық қызмет көрсету және инженерлік желілерді жөндеу үшін пайдаланушы қызметтердің және кәсіпорындардың жер учаскесіне кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге міндетті.



Жер пайдаланушыға жер теліміне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін актісі «Талғар аудандық жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде рәсімделетіндігі, жалға алу шарты жасалатындығы және жер есептеу құжаттарына өзгерістер енгізілетіндігі ескертіледі. Жеке тұлғаға аталған жыл ішінде жер теліміне тұрғын үй құрылысын салып мемлекеттік қабылдау актісін алған соң жеке меншік құқығы беріледі.

Жер учаскесінің шекараларын белгілеуге жүгінуді жазу және жер учаскесіне сәйкестендіру құжатын алу қажет. Қажетті құжаттар және алу тәртібін жер қатынастар бөлімінен қарауға болады. Жерге орналастыру жұмыстары үшін және сізге актіні дайындау үшін не төлеу керектігі ескертіледі.

Жерді пайдалануға актіні берген сәттен бастап жарты жылдан кейін тұрғын үйді тапсыру керек, яғни жеке тұрғын үйді пайдалануға енгізу туралы актіге қол қою қажет. Тек бұл жағдайда жер учаскесі жеке меншікке (Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін ұсыну қағидаларының 1–бөлімінің 4–тармағы) ұсынылуы мүмкін.

Егер жарты жыл ішінде үй салынбаса, әкімдікке жүгініп, уақытша жалдау мерзімін бір жылға дейін ұзарту қажет. Егер екі жыл бойы жер учаскесі мақсаты бойынша пайдаланылмаса – яғни жеке тұрғын үй құрылысын пайдалану немесе құрылысы болмаса, мемлекет қайта алып қоюға құқылы (Жер кодексінің 92-бабы). Еңсерілмейтін күш кедергілері болмаса, мемлекетке Жер кодексінің 93-бабы бойынша шығынды өтеуге тура келеді (5-сурет).

Осы Кодекстің 92 және 93-баптарында көзделген жағдайда жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жазалау шаралары қолданылғаннан кейін және жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану үшін жер учаскесінің меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға берілген нұсқаманың мерзімі өткеннен кейін беріледі.



5-сурет. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 92-93 баптары

Осылайша мемлекеттен жер учаскесін ала отырып, үйді салып, тапсырғаннан кейін ғана оның толық құқылы иесі бола аласыз, осы кезге дейін ол уақытша пайдалануда болады (6-сурет).



6-сурет. Уақытша ақысыз жерді пайдалануда ұсынылған жер учаскесін жеке меншікке сатып алу үшін қажетті құжаттар

Жер учаскесіне жеке меншік құқықтарын ұсыну туралы әкімдік шешімінің құжаттарын ұсынған сәттен бастап жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде қабылданады. Әрі қарай жер учаскесі құқығын тіркеу қажет[2].

## 2.2 Тараптардың құрықтары мен міндеттері

Жалға алушы мемлекеттен жер учаскесін уақытша өтеулі қысқа немесе ұзақ мерзімде пайдаланып, шекарасын анықтағаннан кейінгі құқықтары мен міндеттері:

- жер учаскесінің нысанынан туындайтын мақсаттарда пайдалана отырып, жер учаскесінде дербес шаруашылық жүргізу;
- жерді оның нысаналы мақсатына сай және осы Шартта көзделген тәртіппен пайдалануға;
- жер туралы заңнамаларда көзделген жерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

- орман, су және басқа табиғат ресурстарын пайдалану тәртібін сақтауға, тарих, сәулет ескерткіштерін, геодезиялық желілердің пунктерін және жер учаскесінде орналасқан мемлекет қорғауындағы басқа да объектілерді қорғауды қамтамасыз етуге;

- жер учаскесін пайдалануда қолданыстағы сәулет-жоспарлық, экологиялық, санитарлық-гигиеналық және басқа да арнайы талаптарды (нормаларды, ережелерді, нормативтерді) басшылыққа алуға;

- техникалық қызмет көрсету және инженерлік жүйелерді жөндеу үшін пайдаланушы қызметтердің және кәсіпорындардың жер учаскесіне кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге.

Жалға берушінің құқықтары мен міндеттері:

- жерлерді пайдалану және қорғауды, бақылауды жүзеге асыруға;

- төтенше және алдын алуға келмейтін жағдайларды (жеңуге келмейтін күштердің әрекеті) есептелмегенде Жалға алушының шаруашылық қызметі салдарынан жердің сапасы мен экологиялық жағдайының нашарлауына алып келген шығындарды толық көлемде өтетуге;

- осы шарттың мерзімі өткеннен кейін жер учаскесінің жағдайын бағалауға және оны қабылдау – тапсыру актісі бойынша қабылдап алуға құқығы бар.

Жалдау ақысын келісілген мерзімде төлемеген жағдайда Жалға алушы мерзімі өткізілген әр күні үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасына сәйкес өткізілген есепті мерзім үшін төленетін жалдау ақысынан айыппұл төлейді. Келіссөздер жолымен шешілмейтін Шарттан туындайтын барлық келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

Жер учаскесінің жалға беру құны: Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 379 бабына сәйкес 105315 кодына бюджетке есеп аудару бойынша жүргізіледі. Шарт салық кезеңі басталғаннан кейін жасалған жағдайда сомалардың есебі келесі айдың 20 күнінен кешіктірілмей тапсырылады.

